

Оразбаев Тимур
Т.Рысқұлов ауданы
бойынша құқықтық
инспектор

«Еңбекті қорғау
жөніндегі техникалық
инспектор және еңбекті
қорғау жөніндегі
өндірістік кеңес»



**«Елімізді
жасампаз
ететін – еңбек
адамдары. Тек
осылар ғана
еліміздің қуаты
мен
потенциялын
жасаушы»**

Н.Назарбаев

**«Созидают
страну люди
труда. Они
создают мощь и
потенциал
страны» Н.
Назарбаев**

ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЕҢБЕК КОДЕКСІ

22 - ТАРАУ.
ІШКІ БАҚЫЛАУ

201 - БАП

Еңбек қауіпсіздігі және
еңбекті қорғау жөніндегі
ішкі бақылау

202 - БАП

Еңбек қауіпсіздігі және
еңбекті қорғау жөніндегі
ішкі бақылауды жүзеге
асыру тетігі

203 - БАП

Ұйымдардағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау
жөніндегі өндірістік кеңес

Қазақстан Республикасы Еңбек
Кодексі 1 бап 1т.33 тармақшасы

**Еңбекті қорғау жөніндегі
техникалық инспектор – еңбек
қауіпсіздігі және еңбекті қорғау
жөніндегі ішкі бақылауды жүзеге
асыратын жұмыскерлердің өкілі**

ҚР ЕК 203-бап. Ұйымдардағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес

1. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша және (немесе) жұмыскерлердің не олардың өкілдерінің бастамасы бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес құрылады. Оның құрамына техникалық еңбек инспекторларын қоса алғанда, жұмыс берушінің өкілдері, жұмыскерлердің өкілдері тепе-теңдік негізде кіреді.

- 2. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің құрамы жұмыс берушінің және жұмыскерлер өкілдерінің бірлескен шешімімен бекітіледі.

3. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңесті екі жылда бір рет мерзімділікпен ротациялық негізде жұмыс берушінің және жұмыскерлер өкілдерінің арасынан кеңес мүшелері сайлайтын төраға басқарады.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің шешімдері жұмыс беруші және жұмыскерлер үшін міндетті болып табылады.

4. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес жұмыс беруші мен жұмыскерлердің еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу жөніндегі бірлескен іс-қимылдарын ұйымдастырады, сондай-ақ техникалық еңбек инспекторларының жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбектің қорғалуына тексеру жүргізуін ұйымдастырады.

Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың кандидатураларын кәсіптік одақ, ал ол болмаған кезде – жұмыскерлердің жалпы жиналысына кемінде үштен екісі қатысқан кезде көпшілік дауыспен ұйымның жұмыскерлері арасынан

● 5. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің шешімімен бекітіледі.

● Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың мәртебесі, құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ олардың бақылауды жүзеге асыру тәртібі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі **өндірістік кеңестің шешімімен айқындалады.**

**Ұйымдардағы еңбек қауіпсіздігі және
еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік
кеңесті құру**

**Еңбек қауіпсіздігі және
еңбекті қорғау жөніндегі
Өндірістік кеңес туралы
ЕРЕЖЕ**

**Еңбек қауіпсіздігі және
еңбекті қорғау жөніндегі
техникалық инспектор
туралы ЕРЕЖЕ**

Өндірістік кеңес шешімді
қабылдайды

Өндірістік кеңестің шешімдері
жұмыс беруші мен
қызметкерлер үшін **міндетті**
болып табылады.

Өндірістік кеңес өз қызметінде негізгі басшылыққа алады?

Өндірістік кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын және өзге нормативтік құқықтық актілерін, барлық деңгейдегі әлеуметтік әріптестік туралы келісімдерді, ұжымдық шартты, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі мәселелері бойынша жұмыс берушінің локальдық актілерін басшылыққа алады.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектордың қызметіндегі негізгі міндеті.

Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор қызметіндегі негізгі міндет-кәсіподақ мүшелерінің пайдалы және қауіпсіз еңбек жағдайларына құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша жұмыс

ҚР Еңбек Кодексіні білу

Оқу кабинеттеріндегі, шеберханалардағы, спорт залда, информатика, химия және биология, физика кабинеттеріндегі еңбек қауіпсіздігін ұйымдастыру

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің, техникалық инспектордың жұмысын ұйымдастыру

Кәсіподақ мүшелері мен оқушыларға арналған еңбекті қорғау құрамаларының болуын қадағалау

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша келісім жасалу, орындалуын жүзеге асыру

Желдеткіш, жарық, суық күндерге температура көрсеткіш, электр жүйелері мен өртке қарсы құралдарының болуын қадағалау, эвакуация жолдарының ашық болуы

Мекеме басшысының бұйрықтары.

1. Жалпы оқу жылының басындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ұйымдастыру бұйрығы.
2. Өрт қауіпсіздігі жұмысын ұйымдастыру туралы бұйрығы.
3. Жұмыс орнында калыпты жағдай жасауды жүзеге асыруды қадағалайтын аттестация комиссиясын құру бұйрығы;
4. Қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі білімін тексеру комиссиясын құру туралы бұйрығы;

Мекемедегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы тіркеу журналдарының түрлері.

1. Кіріспе нұскаманың журналы;
2. Алғашқы жұмыс орнындағы, қайталама, жоспардан тыс нұскамаларды тіркеу журналы;
3. Әкімшілік-қоғамдық бақылау туралы журналы;
4. Қызметкерлердің білімдерін тексеру тіркеу журналы;
5. Өртке қарсы нұскамалықтарды тіркеу журналы;
6. Кездейсоқ жағдайларды тіркеу журналы;
7. Мекемеді мамандықтардың барлық түрлерін қамтитын жеке нөмірі берілген еңбекті қорғау жөніндегі нұсқауды тіркеу журналы;
8. Рұқсат актілерді есепке алу және тарату тіркеу журналы;

Нұсқаманың түрлері:

- **Кіріспе нұсқама.**
- **Жұмыс орнындағы алғашқы нұсқама.**
- **Қайталама нұсқама.**
- **Жоспардан тыс нұсқама.**
- **Мақсатты нұсқама.**

Бұл нұсқамалардың жүргізілуі қызметкерлердің жұмыс кезіндегі қауіпті кәсіпке зиянды заттардан қорғауға байланысты.

Қызметкермен еңбек шартын жасамас бұрын әкімшілік оны дәрігерлік тексеруге жібереді. Дәрігерлік тексеріс жұмыс берушінің есебінен жүргізіледі.

1. Кіріспе нұсқама

1. Жұмысқа орналасқан барлық тұлғалармен жүргізіледі;
2. Уақытша жұмыс істейтіндермен жүргізіледі;
3. Қосалқы жұмыс істейтін тұлғалармен өткізіледі.
4. Іс-тәжірибеден (практиканттар) өтушілермен өткізіледі;

Кіріспе нұсқаманы кәсіподақ комитетінің отырысында білім мекемесінің басшысы бекітіп, кіріспе нұсқама **бағдарламасы** бойынша білім мекемесінің басшысы жүргізеді.

Кіріспе нұсқаманың бағдарламасы

1. Жалпы мекеме туралы мәліметті беру;
2. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбек қорғау туралы қызметкерлердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыру;
3. ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІМЕН таныстыру, ережелерді бұзған үшін жауапкершіліктерді түсіндіру;
4. Қызметкерлердің жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режимі туралы ЕРЕЖЕМЕН таныстыру;
5. ЕҢБЕК ШАРТЫМЕН таныстыру;
6. ҰЖЫМДЫҚ ШАРТЫМЕН таныстыру;
7. Тиісті қызметкерлерді арнайы жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етілуін түсіндіру; (Ұжымдық шарт- қосымша 7,8,9,10)
8. Өндірістік санитарлық жеке гигиеналық талаптарды орындау;
9. Міндетті медициналық тексеруден өтуі туралы
10. Өрт қауіпсіздігі туралы мәлімет беру;
11. Апатты жағдайлардағы қызметкерлердің іс-әрекеттері;
12. Алғашқы медициналық көмек беру барысы туралы;

Жүргізілген кіріспе нұсқама арнайы ашылған журналға тіркеледі.

Нұсқау беруші мен нұсқау алушының қолдары қойылады.

2. Алғашқы жұмыс орнындағы нұсқама.

1. Жұмысқа орналасқан барлық тұлғалармен жүргізіледі;
2. Уақытша жұмыс істейтіндермен жүргізіледі;
3. Қосалқы жұмыс істейтін тұлғалармен өткізіледі.
4. Іс-тәжірибеден (практиканттар) өтушілермен өткізіледі;

Алғашқы жұмыс орнындағы нұсқаманы кәсіподақ комитетінің отырысында білім мекемесінің басшысы бекітіп, алғашқы жұмыс орнындағы нұсқама бағдарламасы бойынша білім мекемесінің басшысы немесе оның бір орынбасары (бұйрық бойынша) жүргізеді.

Кіші қызметкерлермен алғашқы жұмыс орнындағы нұсқаманы мектеп директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары жүргізеді.

Алғашқы жұмыс орнындағы нұсқаманың бағдарламасы

1. Мекемедегі алғашқы жұмыс орнындағы нұсқаманы өту үшін еңбек қорғау бойынша арнайы нұсқаулар жасалатын қызметтер мен мамандықтар тізімі мекеме басшысының бұйрығымен анықталады. (штаттық кесте, тариф бойынша)
2. Жұмыс орны туралы мәлімет;
3. Зиянды, қауіпті, аұыр еңбек жағдайларымен таныстыру;
4. Жұмыс орнындағы қауіпсіздікті сақтау жолдарын түсіндіру;
(электр, өрт, авария, жарылыс т.б. қауіпсіздіктердің алдын алу)
5. Тиісті қызметкерлерді арнайы жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етілуін түсіндіру; (Ұжымдық шарт- қосымша 7,8,9,10)
6. Жұмыс орнындағы санитарлық-гигиеналық талаптарды орындау;
7. Апатты жағдайлардағы қызметкерлердің іс-әрекеттері;
8. Алғашқы медициналық көмек беру барысы туралы;

Жүргізілген нұсқама арнайы ашылған журналға тіркеледі.

Нұсқау беруші мен нұсқау алушының қолдары қойылады.

3. Қайталама нұсқама.

1. Жұмыс орнындағы қайталама нұсқама алғашқы жұмыс орнындағы нұсқама бағдарламасы бойынша жүргізеді.
2. Барлық қызметкерлер үшін бұл нұсқаманы жылына 2 рет жаңа оқу жылы басталған соң 1 айдан кешіктірілмей өтілуі тиіс.
3. Жүргізілген нұсқама алғашқы жұмыс орнындағы нұсқама журналында тіркеледі.

Нұсқау беруші мен нұсқау алушының қолдары қойылады.

4. Жоспардан тыс нұсқама.

1. Бұл нұсқама еңбек еңбек қорғау бойынша жана немесе қайта өңделген стандарттар, ережелер, нұсқамалар іске қосылғанда, еңбек шарттары өзгерген жағдайда жүргізіледі.
2. Қызметкерлер еңбек қауіпсіздігі талаптарын орындамаған жағдайда жүргізіледі;
3. БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫ ТАЛАП ЕТКЕНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕДІ;
4. Жеке немесе топтар бойынша жүргізіледі.
5. Қайталама нұсқаманың көлемі мен мазмұны оның жүргізілуіне түрткі болған себептермен анықталады;
6. Жүргізілген нұсқама жұмыс орындағы нұсқама журналына тіркеледі;
Нұсқау беруші мен нұсқау алушының қолдары қойылады.

5. Мақсатты нұсқама.

1. Бұл нұсқама қызметкерлермен олардың қызметімен, оқу байланысымен байланысы жоқ тапсырмаларды орындау алдында жүргізіледі; (сажатқа шығу, түрлі жарыстар кезінде, қар тазалау т.б)
2. Бұндай бірреттік тапсырмалар білім мекемесінің бұйрығымен рәсімделеді;
3. Орындаушылар арнайы киіммен және басқа да құралдармен қамтамасыз етіледі;
4. Мақсатты нұсқаманы тіркелуі қарастырылмаған;
5. Бірақ бұл нұсқаманы жүргізу міндетті.

Т.Рысқұлов атындағы орта мектебі (көшірме)

Бұйрық № 96

Луговой ауылы

18.01.2016

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі Өндірістік кеңес құру туралы

ҚР – ның Еңбек кодексінің 203 бабын басшылыққа ала отырып,
өндірістік кеңес ережесіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Өндірістік кеңес мектеп директоры Б.Б.Абитаеваның бұйрығы мен кәсіподақ комитетінің жазбаша ұсынысы бойынша құрылсын.
2. Өндірістік кеңестің құрамына жұмыс берушінің және қызметкерлердің өкілдері тең негізде 3 адамнан болсын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау және бақылауды өз құзырыма қалдырамын.

Негізі: Еңбек кодексінің 203 бабы, өндірістік кеңесінің ережесі

Мектеп директоры
Б.Б.Абитаева

Т.Рысқұлов атындағы орта мектебінің кәсіподақ комитетінің
Отырысының
№ 5 ХАТТАМАСЫ (көшірмесі)

Луговой ауылы

18.01.2016 ж

Қатысқандар: 5

Төрағалық етуші: кәсіподақ комитетінің төрағасы - Қ.Түзелбаев

Күн тәртібінде:

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі Өндірістік кеңес құру туралы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша кәсіподақ комитетінің төрағасы

Қ.Түзелбаев сөз алып, 2015 жылы 23 қарашасында бекітілген

ҚРЕК 203 бабын басшылыққа ала отырып, мектепте еңбек

қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес

ережесіне сәйкес өндірістік кеңес құрылу туралы сөйледі.

Өндірістік кеңесінің құрамына жұмысшылар тарапынан

қызметкерлердің өкілдері тең негізде 3 адамнан болсын деген

ұсыныс болды.

Отырысқа қатысушылар дауыс беру негізінде ұсыныстарды

бірауыздан қабылдады.

Кәсіподақ комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес құрылсын.

2.Өндірістік кеңесінің құрамына жұмысшылар тарапынан тең негізде 3 адам сайлансын.

Кәсіподақ комитетінің төрағасы:

Қ.Б.Түзелбаев

Т.Рысқұлов атындағы орта мектебі (көшірме)

Бұйрық № 96

Луговой ауылы

18.01.2016

**Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау
жөніндегі Өндірістік кеңеске
мүшелер тағайындау туралы**

ҚР – ның Еңбек кодексінің 203 бабын басшылыққа ала отырып, өндірістік кеңес ережесіне сәйкес сандық саны 3 адамнан болатын жұмысшылардың өкілдерімен келісе отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектептегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің мүшелеріне жұмыс беруші тарапынан төмендегі мүшелер тағайындалсын.

Ибраимова Элвира – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.

Карабаев Ержан - директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары

Сыдықов Дамир – алғашқы әскери дайындық жетекшісі

2. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау және бақылауды өз құзырыма қалдырамын.

Негізі: Еңбек кодексінің 203 бабы, өндірістік кеңесінің ережесі

Мектеп директоры

Б.Б.Абитаева

ж

Қатысқандар: 5

Төрағалық етуші: кәсіподақ комитетінің төрағасы - Қ.Түзелбаев

Күн тәртібінде:

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторды сайлау.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі Өндірістік кеңестің мүшелеріне жұмысшылар тарапынан 3 адамды сайлау.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша кәсіподақ комитетінің төрағасы Қ.Түзелбаев сөз алып, 2015 жылы 23 қарашасында бекітілген ҚРЕК 203 бабын басшылыққа ала отырып, мектепте еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторды сайлауды ұсынды. Отырысқа қатысушылар еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторға Дауренбеков Мұхит Өскенұлы ұсынды. Дауыс беру негізінде ұсыныс бірауыздан қабылданды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кәсіподақ комитетінің төрағасы Қ.Түзелбаев жұмысшылар тарапынан кәсіподақ мүшелері Дауренбеков Мұхит Өскенұлы, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Түменбаева Шолпан, тарих пәнінің мұғалімі Писпекбаева Гүлжайнаны өндірістік кеңес мүшелеріне ұсынды. Дауыс беру негізінде ұсыныс бірауыздан қабылданды.

Кәсіподақ комитеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторға Дауренбеков Мұхит Өскенұлы сайлансын.

2. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі Өндірістік кеңесінің мүшелері болып, төмендегі жұмысшылардың өкілдері сайлансын:

Дауренбеков Мұхит Өскенұлы – технология пәні мұғалімі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторы

Түменбаева Шолпан - ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Писпекбаева Гүлжайна - тарих пәнінің мұғалімі

Кәсіподақ комитетінің төрағасы:


Қ.Б.Түзелбаев

Хатшысы:

Р.Керімбекова



УБОРЩИКИ СЛУЖЕБНЫХ ПОМЕЩЕНИЙ ДОЛЖНЫ БЫТЬ В ХАЛАТЕ, РУКАВИЦЫ ИЛИ ПЕРЧАТКИ, РЕЗИНОВЫЕ САПОГИ





**Повара и кух работники должны
быть
всегда в чистой спецодежде
(Халат, фартук, колпак, ботинки)**




**Машинист кочегар котельной установки
при загрузке в ручную костюм, рукавицы, очки защит**



Проверка работы котельной и оператора газовой установки в СШ



Кабинет информати



БЕРЕГИТЕ ЗДОРОВЬЕ!!!

ЕЖЕГОДНО ЧЛЕНЫ ПРОФСОЮЗА
РАБОТАЮЩИЕ ВО ВРЕДНЫХ УСЛОВИЯХ
ТРУДА ПОПРАВЛЯЮТ СВОЕ ЗДОРОВЬЕ В
САНАТОРНО-КУРОРТНЫХ МЕСТАХ



**НАЗАРЛАРЫҢЫ
ЗҒА РАХМЕТ!**